

«8D04113 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы бойынша доктор дәрежесін алу үшін Наурызбек Мадина Дулатқызының «Мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысы: Қазақстан Республикасында алдын-алу тетіктері» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Зерттеудің тақырыбы мен бағыттары «Қазақстан-2050» Стратегиясына, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес болып келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыста мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысын реттеудің ағымдағы жағдайын талдау мен өзекті проблемаларды анықтау мен оның негізінде алдын алу пәрменді тетікін әзірлеуге қатысты теориялық және тәжірибелік мәселелер қарастырылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қоса алады және маңыздылығы толығымен ашылған. Докторант қолданыстағы заңнама мен халықаралық тәжірибені және эмпирикалық деректерді талдай отырып, мүдделер қақтығысын мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруға бағытталған мүдделер қақтығысының алдын алу тетіктері туралы тәжірибелік және әдістемелік ұсыныстар әзірледі.
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған</p>	Докторант диссертациялық жұмыста өзі жазу қағидатын толықтай сақтаған. Ол мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысының алдын алу тетіктеріне қатысты шетелдік зерттеулерді, халықаралық ұйымдардың ұстанымдары мен озық шетелдік тәжірибені жан-жақты ой елегінен өткізе отырып, Қазақстанның барлық өңірлерінен 10255

			<p>мемлекеттік қызметші арасында әлеуметтік сауалнама және 29 қазақстандық және халықаралық сарапшылармен терең сұхбат нәтижелері аясында талдау жасап өз ұсыныстарын дәлелдеп жеткізді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Таңдалған тақырыптың өзектілігі терең талдауды, ғылыми зерттеуді және алдын алу жолдары мен тетіктерін іздестіруді талап ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметіндегі мүдделер қақтығысын реттеу қажеттілігімен сипатталады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен ашады. Докторант мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысы мәселесіне қатысты теориялық негіздер, талдаулар және қол жеткізген әрбір ғылыми нәтижелердің негізделуі және дәйектелуі ұсынылған диссертациялық зерттеудің мазмұнымен анықталады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен алға қойылған міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді және оның мазмұнын толығымен ашады.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері логикалық тұрғыдан өзара байланысты, алға қойылған міндеттерді дәйекті түрде ашады және мақсатқа жетуге бағытталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысының алдын алу бойынша автормен әзірленген ұсыныстар Қазақстанның қолданыстағы заңнамасын сыни талдаумен, сондай-ақ жинақталған эмпирикалық деректер негізінде ағымдағы жағдайды талдаумен нығайтылған.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу барысында қол жеткізілген 5 ғылыми нәтижелердің 4-уі толығымен жаңа, ал 1-уі жартылай жаңа болып табылады. Өйткені докторант қолданыстағы ұғымдық аппаратты жаңартқан болатын.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында алынған қорытындылар толығымен жаңа болып келеді. Жұмыс нәтижелерінің ғылыми маңыздылығы жоғары.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторант жүргізген зерттеудің басты нәтижелері мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысының алдын алуға жүйелі 4D тәсілді әзірлеу, мемлекеттік қызметшілер мен сарапшылар тарапынан мүдделер қақтығысы феноменін қабылдауды өлшеу, сондай-ақ айқын да, жасырын да проблемаларды анықтап тетіктерді жүйелеп ұсыну болып табылады. Ұсынылған тетіктердің, жүйелі тәсілінің мақсаты мен алынатын әсерлері толығымен жаңа болып келеді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысының алдын алу тетіктерін зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми қорытындылар сенімді ғылыми әдістердің кешенін қолдануымен негізделген, солардың ішінде салыстырмалы талдау, синтез, мазмұнды талдау, негіздеу, кейс-стади, әлеуметтік сауалнама, сарапшылармен терең сұхбат, эмпирикалық мәліметтерді регрессиялық талдау.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p>	<p>1-тұжырым мүдделер қақтығысының алдын алу шаралары мүдделер қақтығысының алдын алудың 4D жүйелі тәсіліне сәйкес жүзеге асырылу тиістігіне негізделген. Бұл тұжырым дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең болып табылады.</p> <p>2-тұжырым «мүдделер қақтығысының» ұғымдық аппаратын жанарту, соның ішінде «жеке мүдде» ұғымын енгізу керектігіне негізделген. Бұл тұжырым дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең болып табылады.</p>

		<p>1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>3-тұжырым «Мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысы» атты мемлекеттік қызметшілерді оқыту бағдарламасы жобасының ұсынылуына негізделген. Бұл тұжырым дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең болып табылады.</p> <p>4-тұжырымға сәйкес декларациялау жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленген, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің жеке мүдделерін декларациялауды енгізу және мемлекеттік қызметшілермен декларацияланған мәліметтерді тексеру ұсынылды. Бұл тұжырым дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең болып табылады. Менің ойымша, декларацияланған мәліметтерді жариялау мәселесін қарастыру керек еді.</p> <p>5-тұжырым мүдделер қақтығысына жауапты уәкілетті мемлекеттік органды анықтау керектігіне негізделген. Бұл тұжырым дәлелденген, тривиалды, жаңа, қолдану деңгейі орташа болып табылады. Дегенмен, уәкілетті мемлекеттік органының уәкілетті органың нақты міндеттерін топтасырып, толығырақ сипаттау дұрыс болар еді.</p> <p>Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары докторанттың 4 ғылыми еңбектерінде жарияланған.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия;</p>	<p>Ия. Диссертациялық зерттеудің әдістемесін таңдау негізделген болып табылады және егжей-тегжейлі сипатталған. Зерттеу барысында ғылыми әдістердің кешені қолданылды (салыстырмалы талдау, синтез, мазмұнды талдау, негіздеу, кейс-стади, әлеуметтік сауалнама, сарапшылармен терең сұхбат, эмпирикалық мәліметтерді регрессиялық талдау)</p> <p>Ия. Зерттеу барысында алынған эмпирикалық мәліметтер R-studio бағдарламалық қамтамасыз ету құралының көмегімен талданды. Бұл респонденттердің мүдделер қақтығысын қабылдауына әсер ететін факторларды анықтау, сонымен қатар мүдделер қақтығыстарының алдын алу және реттеу саласындағы ағымдағы жағдайды бағалау үшін айнымалылардың корреляциясын ескеретін бірнеше</p>

		2) жоқ	регрессиялық модельдерді құруға мүмкіндік берді.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде, Түркістан және Қостанай облыстарындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменттерінде, «Адалдық алаңы» жобалық офисінің базасында енгізілген. Жалпы, шетелдік тәжірибені талдау және эмпирикалық зерттеу нәтижелерінің негізінде докторантпен ұсынылған мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысының алдын-алу тәсілдері мен тетіктері мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау бойынша ғылыми негізделген мемлекеттік-басқарушылық шешімдерді әзірлеу аясында өте пайдалы болып табылады.
		8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияда жасалған маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге және осы мәселе бойынша Қазақстанның нормативтік құқықтық құжаттарына сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті болып табылады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыстың өзіндік теориялық маңызы бар, ол мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысының ұғымы жеке мүдделер мен лауазымдық міндеттер арасындағы қайшылықта жататыны көрсетіліп, ұғымдық аппараты жаңартылды. Бұған қоса, «жеке мүдде» анықтамасының жобасы ұсынылды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы мүдделер қақтығысы мәселелерін реттеуіндегі кедергілерді анықтауда мен өзекті мәселелерін шешуде. Докторантпен ұсынылған тетіктер мемлекеттік аппарат қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуға бағытталған.

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстарды толығымен жаңа деп санауға болады, өйткені осы ғылыми зерттеудің авторы жиналған және құрылымдалған аналитикалық мәліметтер негізінде қорғауға шығарылған тұжырымдарды өздігінен (дербес) жасаған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазудың сапасы жоғары. Диссертация сауатты, түсінікті тілде жазылған.

Ресми рецензенттің шешімі:

Жалпы алғанда, жоғарыда анықталған кемшіліктер докторанттың диссертациясындағы алынған жаңа ғылыми нәтижелердің маңыздылығын төмендетпейді.

Наурызбек Мадина Дулатқызының «Мемлекеттік қызметтегі мүдделер қақтығысы: Қазақстан Республикасында алдын-алу тетіктері» тақырыбындағы докторлық диссертацияға оң пікір бере отырып, «8D04113 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы бойынша доктор дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

философия докторы (PhD),

Халықаралық Тараз инновациялық институтының
«Экономика және бизнес» факультетінің деканы



Ж.А.Куатбеков

21.06.2022

